

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

отбасылар, қолдау мемлекеттік деңгейдегі отбасылармен жұмыс жасалуы тиіс. Өйткені отбасы адамның ең бірінші әлеуметтену ортасы болып табылады.

Елімізде салауатты өмір салтын бекіту, кеңінен жарнамалау және жастардың санасына оң имиджді енгізу маңызды болып табылатын, өмірлік жетістікке жету жолдары мемлекеттік деңгейде жүзеге асыру қажет.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, экстремизмнің себептерін, факторларын, көріністерін, оның пайда болуы мен даму механизмдерін талдау даму қажеттілігі туралы қорытындыға әкелетінін атап өткен жөн. Осы әлеуметтік зұлымдыққа қарсы тұрудың ғылыми негізделген стратегиясы мен тактикасы экстремистік тенденциялардың алдын алу және жою тиімдірек мүмкіндік береді. Экстремизмнің негізгі себептерін жою оның қоғамда таралуына ықпал ететін психологиялық, әлеуметтік және құрылымдық факторларды ескеретін біртұтас тәсілді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Кравцов Д.Н., Чилигин В.В., Татаркин А.В. Деятельность нетрадиционных религиозных движений на постсоветском пространстве как угроза национальной и международной безопасности // Вестник Луганского национального университета имени Владимира Даля. 2017
2. Арухов З. С. Экстремизм в современном исламе. Очерки теории и практики. — Махачкала: Агентство «Кавказ». 1999.
3. Тарасова Е.В. Психологические особенности терроризма с.174. – 2011.
4. Akhtar, S. (1999). The psychodynamic dimension of terrorism.
5. Баева Л. В. Философия молодежных движений: от пацифизма до экстремизма: монография / Л. В. Баева. – Астрахань: Астраханский государственный университет, Издательский дом «Астраханский университет», 2012. – 232 с.
6. Байханов, И. Б. Политический диалог в системе демократических ценностей в России: Учебно-методическое пособие 2019. – 168 с.
7. Байханов, И. Б. Воспитывать патриотов – 2016. – С. 52-54.
8. 3. Карпова А. Ю., Савельев А. О., Вильнин А. Д., Чайковский Д. В. // Изучение процесса онлайн-радикализации молодежи в социальных медиа 2020, С. 159-181.

УДҚ 21.15.47

ИСЛАМ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Садық Халима Абсадыққызы

bilqis9600@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дінтану» мамандығының магистранты
Ғылыми жетекшісі - Каирбаев Н.Е

Өмір – адамзатқа берілген ең үлкен бағалы құндылық. Ал денсаулық - осы құндылықтың негізгі тамыры, бақытты өмір есігінің құлпын ашатын жалғыз кілт. Өмір сөзі тек адамдарға ғана қолданылатын термин емес. Әрбір ұясына дән арқалаған құмырсқа мен көктемдегі салқын жерді жарып шыққан бәйшешектің де өз өмірі бар. Ал бірақ адам баласына сыйланған өмірдің басқа тіршіліктердің өмірінен артықшылығы біршама көп. Адам өмірі бақытқа жету, айналаға пайдалы болу, өмірден өз орнын табу секілді мақсаттарға негізделгендіктен, өмірі тек ішіп-жеумен ұрпақ қалдырудан тұратын жануарлар мен өсімдіктер өмірінен ерекшеленеді. Дана халқымыз да барлық тіршіліктің өмірін киелі санап

обалы мен қарғысына ұшыраудан сақ болуға үгіттеген. Адамның өмір тіршілігін ғұмыр сөзімен ауыстырып, «Ғұмыр жасың ұзақ болсын, ғұмырлы бол!»; «Жағың түспей жамандық көрме!»; «Бақытты ғұмыр кеш!» деген секілді сөз тіркестерін ешбір батасы мен жақсы тілектерінен тастаған емес.

Барлық бақытқа жетелейтін діндердің барлығы адамзат өмірін бағалы санап, денсаулыққа зиянды істерден аулақ болуға шақырады. Ислам діні де адам өміріне ерекше мән беретін діндердің бірі. Имам әт-Термизиден жеткен хадисте мұсылмандардың Пайғамбары Мұхаммед былай дейді: «Бес нәрсе келмей тұрып бес нәрсенің қадіріне жетіңдер: қарттық жетпей тұрып жастықтың, ауырмай тұрып денсаулықтың, кедейлікке ұшырамас алдын байлықтың, бос болмай тұрып бос уақыттың, өлмей тұрып өмірдің». Исламда адам өлтіру ең үлкен ауыр қылмыс саналады, өзгені байқамай өлтірген жағдайда да оның айыбын жууы үшін арнайы жасауы тиіс амалдары белгіленген. Исламның киелі кітабы Құранда бұл жайында «Кімде-кім кісі өлтірмеген және жер жүзінде бұзақылық жасамаған бейкүнә жанды себепсізден-себепсіз өлтірсе дүниедегі барлық адамзатты өлтіргенмен тең. Ал кімде-кім оны тірілтсе (өлімнен аман алып қалса) дүниедегі барлық адамды аман алып қалғанмен тең.» [1; 5:32] Сондай-ақ адамның өз жанына қастандық жасамауы жайында да аяттар келген. «Өз өздеріңе өз қолдарыңмен қатер төндіріңдер (өздеріңді өлтірмеңдер)» [1; 2:195]

Эвтаназия

Қазіргі заманда адамның өз өміріне қол жұмсаудың дәлірек айтқанда суицидтің жаңа түрі пайда болған. Жеңіл, қиындықсыз өлу әдісін – эвтаназия деп атайды. Эвтаназия – жазылуы мүмкін емес ауруға шалдыққан, ауыр азапты сезініп өмір сүріп жүрген адамдардың өлімін тездету. Бұл терминді XVII ғасырда Френсис Бекон «жеңіл әрі адам жанын ауыртпайтын өлім» деген анықтама берді. Оның айтуынша дәрігердің міндеті сырқат адамның ауыруын басуға, тоқтатуға көмектесу. Демек ауыруын тоқтату мақсатында науқастың рұқсатымен физикалық ауруын тоқтатып, жеңіл өлтіру де көмек болып табылады. XIX ғасырдың ортасында эвтаназия туралы пікірталастар ушыға түсті. Америкада эвтаназияны қолдайтын арнайы қозғалыс құрамы пайда болды. Олар науқастың ешбір ауыртпалықсыз өлімді таңдауға құқылы екенін алға тартты. Эвтаназияны қолдамайтындардың негізі пікірі Гиппократ антына сай келмейтінін айтады. Гиппократ өз сөзінде былай дейді: «Мен ешқашан адамды өлтіретін дәрі бермеймін әрі ондай улы дәріні жасау жолын да ешкімге үйретпеймін»- деген.[2;15 бет] Эвтаназияның жалпы екі түрі бар: белсенді эвтаназия және пассивті эвтаназия. Белсенді эвтаназия – жазылмайтын ауруға шалдыққанын айғақтайтын құжаты бар науқас дәрігерлердің бірнеше мерзімдік қарауында болады. Кейіннен жазылмас ауыруы анықталғаннан кейін пациенттің рұқсатымен дәрі егу арқылы ұйқыға кетіреді. Ұйқыда жатқан науқасқа екінші дәріні егіп аурусыз жан тапсыруына көмектеседі. Пассивті эвтаназия – дәрігердің бақылауынсыз жүзеге асатын өлім түрі. Емі жоқ дертке ұшыраған науқас дәрігердің тағайындаған дәрі-дәрмектерді қолдануын тоқтату арқылы, ауруын асқындырып ерте өлім құшады. Алайда эвтаназияның бұл түрін эвтаназияға жатқызбайтындар да бар. Себебі емді қолданудан бас тарту науқастың өз еркіндегі ісі болып табылады. Аталмыш жеңіл өлім әдісі қазіргі медицина саласында даулы мәселеге айналған. Бірнеше мемлекеттерде бұл өлім тәсілі халықтың сұранысына байланысты заңмен рұқсат етілген. Мысал келтірер болсақ Швейцарияда 1941 жылы рұқсат етіліп 2019 жылы 1 176 адам эвтаназиямен көз жұмған. 2001 жылы Нидерландыда заңдастырылып 2019 жылы 6 361 адамға эвтаназия жүргізілген. 2002 жылы Бельгияда заңдастырылып 2014 жылы кәмелетке жетпеген балаларға эвтаназия жасауға рұқсат етіледі. Бельгияда жылына 2 000- нан астам адам осы процедураға жүгінеді. Люксембург 2009 жылы, Испания 2021 жылы, АҚШ-тың 9 штатында эвтаназияға заңмен рұқсат етіліп қазіргі таңда жұмыс жасауда. Бұл мемлекеттерге өз тұрғындарымен қатар өзге елдің азаматтары аталмыш процедураны пайдалану үшін тіркеуден өтеді.[3] Бірақ бұл әдіс біздің мемлекетімізде рұқсат етілмеген, егер дәрігер пациентке өзі жүгізетін болса заң алдында жауапқа тартылатын қылмыстық іс болып саналады.

Ал Ислам діні бұл процедураны қалай бағалайды? Жоғарыда атап өткеніміздей Құранда адамның өз-өзіне қол жұмсауына тыйым салған. Исламда суицидтен бөлек тіпті

адамның өз жанына өлім сұраудың өзінен қайтарған. Әбу Хурайрадан жеткен хадисте Пайғамбар Мұхаммед «Ешбірің өзіне өлім тілемесін. Егер ол игі іс істейтін ізгі жан болса, мүмкін, сауабы арта түсер. Ал, егер күнәһар болса бәлкім тәубесіне келіп Аллаһтың разылығына бөленер» [5;257 бет] Әнәс жеткізген хадисте Алла Елшісі: «Ешбірің басына түскен ауыртпалыққа бола өзіне өлім тілемесін. Егер одан басқа амалы қалмаса: Уа Алла Тағалам! Егер мен үшін өмір сүру хайырлы болса, ғұмыр бере көр! Ал, егер өлім хайырлы болса (аманат еткен) жанымды алғайсың! – деп айтсын» - делінген. [5;258 бет] Ислам діні адамды ауруға жеңіліп оңай өлім жолын таңдауға емес, сынаққа сабыр етуге, Алладан үмітін үзбеуге, дертінің басқа да емдерін іздеуге, өмір үшін күресуге шақырады. Оған Пайғамбардың «Ей, Алланың құлдары, сырқаттарыңа шипа іздендер. Расында, Алла әрбір дертпен қоса оның дауасын да жаратты және сендердің әрбіреулеріңде денелеріңнің ақысы бар» - деген хадисін дәлелге келтіруге болады.[2;17 бет] Пайғамбар өз үмметін өз жанына қол жұмсаудан тыю мақсатында мынандай жағдайды баяндап берген: «Сендерге дейінгі бір қауымда ауыр сырқатпен ауырған бір адам болған. Ол жарақатынан күнде қатты азап шеккен екен. Бір күні ол ауру азабына шыдай алмай пышақпен өз қолын кесіп жібереді. Көп қан жоғалту себебінен көз жұмады. Сол кезде құдіреті күшті Алла Тағала «Құлым менің алдымды орап кетті. Сол себепті оған Жаннатты харам еттім» - деді».[2;17 бет] Жанға қастандық жасау адамды бүкіл қайғыдан құтқарушы емес мұсылмандардың пайымындағы ең ұлы қайғы тозаққа түсіретін амал. Исламда адамның басына түскен қиындық пен ауыртпалықтар, ауру сырқаулар, тіпті табанға кірген тікеннің өзі адамның күнәлардан тазаруына себепші болады деген түсінік бар. Сондықтан мұсылмандар ауру-сырқау келсе қайғыға түспей керісінше күнәларынан тазаратындығы үшін қуану керкетігін айтады. Яғни өмір - Жаратушының құлдарына берген аманаты, «егер алсаң аманат, қайтар оны саламат» деп денсаулықты күтіп сақтауға шақыратынын түсінеміз.

Исламдағы денсаулықтың маңызы

Мұсылмандар құлшылық жасау, отбасы тәрбиесі, адамдармен қарым-қатынас, дұрыс өмір сүру сынды мәселелерде пайғамбарлары Мұхаммедті негізгі үлгі тұтар ұлы тұлға санайтын үммет. Тіпті аяқ киімді кию сынды ұсақ істердегі әдептерді пайғамбарлары айтпаса да оның жасаған ісіне қарап қайталауды жөн көреді. Пайғамбар Мұхаммед денсаулық жайлы былай дейді «Кімде-кім дені сау болып, өзіне сенімді (жаманшылық жасамайтын) күйде таңды атырса және сол күнгі тамағы бар болса ол адамға әлемнің бар қазынасы тарту етілгенмен тең» - деп денсаулықты әлемнің тең жарты байлығы екенін ұғындырған. Бірде бір кісі Мұхаммедтен ең жақсы дұға үйретуін сұрап келеді, сонда ол: «Рабыларыңнан осы дүниеде де кейінгі дүниеде де амандық-саулық беруін сұрап дұға жаса»- деп жауап береді. Имам Бухаридің жинағында Абдулла ибн Аббас атты сахаба (Мұхаммедті көріп онымен тілдескен адам) Пайғамбарының былай дегенін жеткізеді: «Адамдардың көпшілігі қадіріне жетіп бағалай бермейтін екі нығмет бар, олар-денсаулық пен бос уақыт».

«Аяқ-қолдың қадірін ақсағанда білерсің

Отыз тістің қадірін қақасағанда білерсің

Қызыл тілдің қадірін тоқтағанда білерсің» - деп Абыз ақсақал Әсет биге айтқан өсиетіндегідей қолда бар нығметті жоғалтып, жанымызды ауыртқанында ғана қадіріне жететінімізді түсінеміз. Демек аурудың емін іздегенше ауырмаудың жолын іздемек қажет. Құран - мұсылмандардың жасауға міндетті істері мен тиым салынған амалдарды баяндайтын аяттардан тұратын, Ислам дінінің негізгі қайнар көзі болып табылатын кітап. Сонымен қатар Құранда адам денсаулығына зиянды істерден тыюшы аяттар да көптеп кездеседі. Соның ішінен бір аятты алып харам етілу себептері мен денсаулыққа әсерін қарастырып көрейік. Құранда: «Шынайы түрде сендерге өлексені (арам өлген малды), қанды, доңызды және Алладан басқаның атына бауыздалған малды арам етті. Ал кім мәжбүрленсе (өмірін сақтау үшін оларды жеуге мәжбүр болса), қарсылық қылмаса шектен шықпаса оған айып жоқ. Шындығында, Алла (өз құлдарына) аса Кешірімді әрі өте Жарылқаушы»-деп аталған заттарды қолдануға қатаң тиым салады [1; 6:154] Демек өлексе, қан, доңыз мұсылмандардың жеуге болмайтын харам үкіміндегі тағамдары. Құран аяттарымен бір іске қатысты харам етілгендігі

жайлы бұйрық түссе, сахабалар харам етілу себептерін сұрамай бірден бағынатын болған. Қазіргі заманғы дамыған медицина олардың адам ағзасына қаншалықты зиянды екенін дәлелдеп жатыр.

Қан

Жоғарыда аталған тыйымдарға тоқталар болсақ, өлексе мен қанның зияндығын зерттеп дәлелдемесе де лас, нәжіс заттар екені біздер қазақ халқы үшін анық. Бірақ-та, қазіргі таңда қаннан жасалатын тағамдардың алуан түрлерін әзірлейтін мемлекеттер көп. Мысал келтірер болсақ Франция асханасында қоян қанына бұқтырылған қоян еті, «А ля Фасон Югон» құс қанының сорпасымен әзірленетін рагу тағамы бар, Италия асханасында доңыз қанынан пирог сондай-ақ көптеген елдерде қаннан жасалған бәліштер, қанды шұжықтар, қанды сорпа секілді тамақтар түрлерін әзірлеп тұтынады.[6] Қанның зияндығы жайлы гастроэнтеролог-гепатолог Сергей Вялов былай дейді: «Қан микробтар мен бактериялардың ең керемет қоректік азығы болып саналады. Қанды қаншалықты балғын (свежий) күйінде қолданса адамның ағзасына соншалықты көп мөлшерде инфекциялар пайда болады. Кез келген микробтар, бактериялар мен саңырауқұлақтар қан секілді керемет ортада жақсы жетіледі. Қан-инфекциялардың дамуын тездетуші, оны адам ағзасына тамақтық улану және күшті интоксикация бейнесінде көрініс береді. Сол себептен етті толықтай қуырып немесе қайнатып пайдалану қажет». [7] Қан адам ағзасына ауру алып келумен қоса адам ішінде ұйқыда жатқан аурулардың оянып өршуінің себепшісі болады.

Өлексе

Өлексе дегеніміз-аңшының оғынсыз, құрған тұзағынсыз, бауыздаусыз басқа себептермен өздігінен өлген жануарларды айтамыз. Яғни адамның қатысуынсыз өлген жануарлар бірақ теңізде өздігінен өлген балықтар ислам шарифаты бойынша жеуге адал. Бауыздалуының негізгі себебі жануардың денесіндегі арам қандарды шығару. Ол қандар денесінен тысқа шықпай өлсе зиянды қандар еттеріне сіңіп ауру тудырады. Сондықтан мал бауыздағанда атқылап шыққан қанды тоқтағанша ағызып тұрады. Біздің ата дәстүрімізге сай мал бауыздау да осылай жүзеге асады. Мәида сүресінің жалғасында: «Сондай-ақ, жаны шықпай жатып (шарифатқа сай) бауыздағандарыңнан басқа буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш аңдарға таланып немесе желінген мал да- харам.»- дегеніндей бауыздалусыз өлген мал денсаулыққа зиян екенін көрсетеді.[1; 5:3] Ал суда өлген балықтарға келер болсақ Абу Дәуіт келтірген хадисте Мұхаммед пайғамбар былай дейді: «Теңіздің суы таза және (балықтардың) өлексесі адал» -дегені балықтардың етінде қаны болмағандықтан бауыздауды талап етпейтінін түсінеміз. [8;6] Яғни балықтардың қаны еттерінің арасында қалып зиянды ауру тудырмайды.

Доңыз

«Ей, Адам баласы жер бетінен тек халал әрі тазасын ғана жеңдер!».[1; 2:168] Доңыздың харам екендігінің негізгі себебі оның таза еместігінде. Оның басқа харам етілген жануарлардан да көбірек лас екенін мына хадистен ұғына аламыз «Кез келген тері иленсе таза бірақ доңыздың терісінен басқа». Яғни есектің, тіпті арам өлген малдың терісін илесе таза болады ал доңыздың ластығы ешқашан кетпейді. Оның харам етілуінің бірнеше себептерін атап өтетін болсақ:

- Доңыз етінің құрамында хистамин және имидазол деп аталатын зиянды ауру тудырғыш заттар бар. Олар есекжем, бөртпе, дерматит деген ауруларды адам терісін қышыту арқылы пайда қылады.

- Доңыздың еркек торайы өз енесіне (өзін туған анасына) шабады, енесі аш болса өз балаларын жеуден де таймайды. Мұндай сипаты адамның мейірімсіз, қатыгез, жауыз болуына итермелейді

- Доңыз кез келген нәжістерді жейді, тіпті өз денесінен шыққан үлкен және кіші дәретін жеп қоректенеді. Сондықтан доңызы бар үйдің ауласын денесінің жағымсыз иісі алып жатады. Ибн Омардан былай дейді: «Алла елшісі бізді нәжіспен қоректенетін жануардың етін жеумен сүтін ішуден қайтарған».[8;10] Ластықпен қоректенетін жануарды сойып жеу ислам

дінінде адал емес. Адал мал нәжісті жеп қойса бірнеше апта таза тамақтарды беріп ағзасын тазартқаннан кейін ғана жеуге рұқсат.

- Доңыз етін жегеннен пайда болатын – трихина деген ауру бар. Адам асқазанына түскен доңыз етіндегі құрттар жойылмай адам қанының құрамына енеді. Осылайша бүкіл денеге тарап адамды ауыр ауруға алып келеді.

- Вирусолог Ричард Шоптың айтуынша, шошқада тұмау тасымалдаушы вирустар бар. Бұл вирустарды адамдар көбінесе шошқа шұжықтарын жегенде жұқтырады.

- Доңыздың етінің көп бөлігі майдан тұрады. Яғни майлы ет адамды семіздікке алып келеді. [9]

Адам – құрметті жаратылыс болғандықтан оның өмірі мен денсаулығы барлық діндерде ерекше орын алады. Өмір адамға бір рет қана берілетін - мүмкіндік, осы мүмкіндікті пайдалы әрі лайықты түрде өткізбек үшін пайдасыз тамақтар мен зиянды әдеттерден аулақ болу қажет. Ислам дінінде адам өмірі мен денсаулығы негізгі назарға алынатын мәселе екендігін жоғарыда келген аят хадистерден аңғара аламыз. «Ислам діні адам құқықтарын таптайды, адам өміріне төмен қарайды, денсаулыққа ауыр істерді бұйырады, қажетсіз көптеген тыйым салады, дінді жеңілдетпей ауырлатады»- деген қисық пікірдің қисынсыз екенін түсіне аламыз. Қорытындылай келе Марк Твеннің: «Дені сау болудың жалғыз жолы-жегің келмейтінді жеу, ішкің келмейтінді ішу. Сонымен қатар істегің келмейтін істі істеу»-деген сөзін Ислам діні де қуаттайтынын толықтай сеніммен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма, / ауд. Асқар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев. – Алматы, 2022. – 624 б.
2. Исламдағы адам өмірі. Маг. курстық жұмыс . Алматы, 2011- 43 б.
3. <https://www.bugin.kz/25437-zhenhil-olim-evtanaziya-degen-ne-dgane-oghan-qay-elder-ruqsat-etedi>
4. Исламдағы бала тәрбиесі. Бағашар Қ. Көкжиек баспасы, Алматы, 2011. – 228 б.
5. Хадистер жинағы (риядус-салихин). Имам Нәуәуи, ауд. Асқар Әкімханов, Көкжиек баспасы, Алматы, 2013. – 656 б.
6. https://www.gotovim.ru/subject/meat/krov.shtml#google_vignette
7. https://aif.ru/food/products/pochemu_nelzya_est_myaso_s_krovyu
8. Халәл тағаммен тамақтану қажеттігі туралы және жануар бауыздаумен байланысты ережелер. ауд. Исмаил Құттықожаев, р. К Исламу знания прежде слов и дел. 43 б.
9. <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2020-08-25/32728-donyz-eti-nege-kharam-2/>

СЕКЦИЯ 9.6.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ / АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

УДК 796.912.012

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУДАН 4-6 ЖАСТАҒЫ ҚЫЗДАРДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ ДАЙЫНДЫҚ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Садыкова Диана Саматовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Sadykovadiana04@gmail.com

Ғылыми жетекші –Б.М.Тажигулова